ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 желтоқсан Іс №7119-23-00-2/13966 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Қ.Б.Сәрсекеев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«САБР» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану мен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«САБР» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«САБР» жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің "Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны пайдасына тұрақсыздық айыбы 17 670 (он жеті мың алты жүз жетпіс) теңге және мемлекеттік баж соммасы 530 (бес жүз отыз) теңге 01 тиын өндірілсін.

«САБР» жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 11.12.2023
Дата вступления в законную силу: 18.01.2024, судья Сарсекеев К. Б., 18.01.2024
7119-23-3-1/14014

және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 11.12.2023

Дата вступления в законную силу: 18.01.2024, судья Сарсекеев К. Б., 18.01.2024

7119-23-3-1/14014